



### ҚАНҒА БӨККЕН ГАЗА

6-БЕТ | ШАРТАРАП



### ТЕЛЕАРНАЛАР ТІЛІ НЕГЕ ТІКЕНЕК?

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЕЛІМІЗ ӨКТЕМДІК ПЕН ӨШПЕНДІЛІККЕ, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ АЯҚ АСТЫ ЕТУГЕ, ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ШАҚЫРУҒА, АЗАМАТТАРДЫҢ АР-НАМЫСЫН ТАПТАЙТЫН ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАУҒА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ. ЗАҢҒА ҚАЙШЫ КЕЛЕТІН, АЗАМАТТАРДЫҢ АРАСЫНА ІРІТКІ САЛАТЫН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА СЫНА ҚАҒАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН СӨЗ БЕН ӘРЕКЕТКЕ ҚАТАҢ ТОСҚАУЫЛ ҚОЯДЫ. БҰЛ ТАЛАПҚА БАҒЫНБАУ МЕМЛЕКЕТКЕ ДЕ, ҚОҒАМҒА ДА ҚАРСЫ ШЫҒУ ДЕП БАҒАЛАНАДЫ.

№142  
(4575)  
Бейсенбі  
30 қараша  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Жаңа ережеге сәйкес, шетел азаматтары жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) алу үшін онлайн өтініш бере алмайды.

Яғни міндетті түрде Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінуі керек. Құжаттары толық болмаса немесе мерзімі өтіп кетсе, оның өтініші қабылданбайды. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы қолхат беріледі.



Өткен жылмен салыстырғанда бизнес өкілдерінің саны 18 пайызға көбейген.

Қазір елімізде 2 млн 41 мың адам кәсібін дөңгелетіп отыр. Өнім шығару көлемі де артқан. Былтырмен салыстырғанда 23 пайызға көп. Түскен пайда көлемі – 28,7 триллион теңге.



Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Астанада Көгалдандыру жарғысы әзірленіп жатыр.

Құжат қалада жасыл желектерді отырғызу мәселесін шешеді, абаттандыру мен экологияны жақсарту түседі.

Жалпы биыл коммуналдық қызметтердің, ағаш отырғызуға және экоакцияларға белсенді қатысқан тұрғындардың еңбегінің арқасында елордада 45 «жасыл мекен» пайда болды. Қалада бас-аяғы 1 млн-нан астам жасыл желек отырғызылып, 165 қоғамдық кеңістік пен аула абаттандырылды, Президент саябағы қайта жаңарды.



## БАС ҚАЛА ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Астананы дамытудың 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасы қалалық мәслихатта бекітіліп, «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Осылайша, елорданың алдағы 12 жылға арналған жоспары талқылануда. 2035 жылға қарай Астана халқының саны 2275000 адамға жетуі мүмкін. Құжатқа сәйкес, еңбекке қабілетті жастағы халық есептік мерзімінің соңына қарай қала халқының 66 пайызын құраса, мектептердегі орын санын 257,4 мың орынға, ал балабақшалардағы орындарды 82,7 мың орынға ұлғайту көзделген. Бас жоспардың жобасына қатысты қала тұрғындары қызу пікір білдіруде. Талқылау 8 желтоқсанға дейін жалғасады.

### БРАКОНЬЕРГЕ ТЫЙЫМ БОЛА МА?

ҚОҢЫР АҢДЫ АТҚЫЗҒАН ЖАУЫЗДАРДЫҢ КӨКЕЙІН ТЕСКЕНІ  
ТАҒЫ БУМА-БУМА ТОПАН АҚША МА?

8



### ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы желтоқсан айындағы мереке күндері елордадан қосымша пойыздар шығарады.

Олар «Нұр-Сұлтан 1-Шымкент», «Нұр-Сұлтан Нұрлы жол-Алматы 2» бағыттары бойынша қатынайды. Құрам стандартты купе мен плацкарт вагондарынан тұрады. Сондай-ақ Астана-Павлодар бағытында қосымша электр пойызы рейсі қосылады.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.86 \$ USD/KZT 463.09 ₸ RUB/KZT 5.21 ¥ CNY/KZT 64.73

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КЕЛЕШЕГІ ЗЕРДЕЛЕНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада Қазақстанға ресми сапармен келген Того Республикасының Президенті Фор Эссозимна Гнассингбемен келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті Того делегациясына ілтипат білдіре отырып, достас екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың 10 жылдығы қарсаңында Астанада өтіп жатқан бұл сапардың символдық мәні бар екенін атап өтті.

«Бүгінгі келіссөздер екіжақты байланыстардың жаңа кезеңін айқындап, өзара тиімді ынтымақтастығымыздың перспективті бағыттарын зерделеуге зор мүмкіндік береді. Біз Тоогомен арадағы ықпалдастықты нығайтуға мүдделіміз және Сіздің еліңізді Африкадағы маңызды серіктес ретінде қарастырамыз» деді Мемлекет басшысы.

Президент екі елдің бір-бірінен алыс жатқанына қарамастан, ортақ тұстары көп екеніне, атап айтқанда, көп-конфессиялы және көпэтносты құрамымен ерекшеленетініне тоқталды.

«Қазақстанда 100-ден астам этнос өкілдері тұрады. Конфессияаралық және дінаралық диалогты дамыту – біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағыттарының бірі» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан мен Того арасындағы серіктестіктің әлеуеті әлі толық пайдаланылмай отыр. Оны дамыту үшін екіжақты құжаттарға, соның ішінде инвестицияларды өзара қорғау туралы келісімге қол қою қажет.

Қазақстан Президенті екіжақты сауда-саттықты өркендету және іскер топтар арасындағы байланысты нығайту маңызды екеніне тоқталып, Қазақстанның Тогодағы Құрметті консулы лауазымына лайықты кандидатты анықтауды ұсынды. Мемлекет басшысы мұндай қадам екі ел арасында B2B форматындағы байланыстарды дамытуға септігін тигізеді деп есептейді.

«Бүкіл әлемдегі халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға атсалысу ісінде Қазақстан мен Того сияқты мемлекеттер мейлінше белсенді және конструктивті рөл атқара алады деп санаймын» деді Мемлекет басшысы.

Фор Гнассингбе құрмет көрсеткені үшін Қазақстан тарапына алғыс айтып, өзара мұдделі көздейтін экономиканың түрлі салаларында ынтымақтастық орнатуға бейілді екенін растады.

«Қазақстанға сапармен келуге шақыруыңыз біздің қарым-қатынасымызға тың серпін береді. Қазақстан мен Тогоның стратегиялық серіктес болуға мүмкіндігі бар. Сіздің еліңіздің экономикалық әлеуеті зор. Біздің делегация сауда, экономика, тау-кен, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру салала-

рындағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделі. Жан-жақты байланыс орнатуға бағытталған келіссөздеріміз қос тараптың өзара ықпалдастықты тереңдетуге ниетті екенін айқын көрсетті» деді Того Президенті.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Того арасындағы серіктестікті дамыту перспективаларын талқыла-

ынтымақтастық нығая түсті. Қазір оны тың қарқынмен дамыта түсуге мол мүмкіндік бар. Жаңа ғана осы мәселені талқылап, маңызды келісімдерге қол жеткіздік. Мұның бәрі саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да саладағы байланысты жандандыруға ықпал етеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

келесі жылы өтетін Астана халықаралық форумына қатысуға шақырдым. Олар форумда Қазақстанның экономикалық әлеуетімен таныса алады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Президент Астана мен Ломе арасында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық орнату маңызды екеніне тоқталды.



ды. Сондай-ақ келіссөз барысында саяси диалогты жолға қоюға, сауда-экономикалық, инвестициялық, энергетикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге, денсаулық сақтау және әскери өнеркәсіп бағытында өзара ықпалдастық орнатуға ерекше назар аударылды.

Екіжақты келіссөздерден кейін Мемлекет басшысы мен Того Президенті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, шақыруын қабыл алып, елімізге ресми сапармен келгені үшін Президенті Гнассингбеге ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысының пікірінше, Того Президентінің сапары екі ел арасындағы қатынастарды дамытуға жол ашады. Құрлықаралық байланыстың жоғары деңгейде екенін білдіреді.

«Африка елдерімен ынтымақтастықты нығайту – Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі бағыттың бірі. Біздің мемлекеттеріміз бір-бірінен алыста жатыр. Соған қарамастан, біз Тоогомен тығыз қарым-қатынас жасауға дайынбыз. Бұл елдің өзара тиімді ықпалдастық орнатуға ұмтылысын толық қолдаймыз. Келесі жылы Қазақстан мен Того арасында дипломатиялық байланыс орнағанына 10 жыл толады. Осы кезеңде достық пен өзара қолдауға негізделген

Мемлекет басшысы Того Президентімен ауыл шаруашылығы, жаңа технология, қазба байлықтарды бірлесіп игеру, өндіріс және инвестиция салалары бойынша да келіссөз жүргізгенін айтты.

«Екі ел үкіметтеріне тауар айналымын арттыру үшін нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма беруге келістік. Әсіресе, Қазақстанның Тогоға дөңді дақылды экспорттау мүмкіндігі зор екеніне назар аудардық. Еліміздің бастамасымен Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымы құрылғанын білесіздер. Мен Тогоны осы ұйымға мүше болуға, оның әлеуетін пайдалануға шақырдым» деді Президент.

Мемлекет басшысы табиғи ресурстарға бай Қазақстан мен Того елдері темір, фосфат, боксит және басқа да сирек кездесетін минерал кеніштерін барлау, өндіру және игеру үшін бірлесу жұмыс істеу мүмкіндігіне ие екеніне назар аударды.

«Мен Қазақстан кәсіпкерлері Тогоның тау-кен өндірісін зерттеуге дайын екенін атап өттім. Сонымен қатар екі елдің көлік-логистика саласындағы әріптестігі жан-жақты талқыланды. Қазақстанға Ломе портының әлеуетін қарастыру бойынша ұсыныс айтылды. Бұл теңіз айлағы қызмет ауқымы бойынша Батыс Африкада екінші орын алады. Біз өзара тиімді әріптестікті дамытуға барынша күш салуымыз керек. Сондықтан Того кәсіпкерлерін

## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Албания Республикасының Президенті Байрам Бегайға құттықтау жеделхатын жолдап, Албанияның Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Бүгінде Албания тұрақты даму, халықтың әл-ауқатын жақсарту және халықаралық қауымдастықтағы беделін арттыру жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы ретте мемлекетіңіздің одан әрі қарыштап дамуына, еліңіздің

мерейі ерқашан үстем болуына тілектеспін» деп жазылған жеделхатта.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Байрам Бегайдың аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас Албания халқына құт-береке тіледі.

## ӨНІМДІ ТӨМЕН БАҒАМЕН САТАДЫ

Аманат партиясы елордалық филиалының сайлау алдында берген уәделерін орындау мақсатымен Жол картасы шеңберінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және Астананың үлкен нарығын қамту үшін 2023 жылы 8 кәсіпкерлік субъектіге қарыз берілді.

Ондағы мақсат – өнімдердің 19 түрін нарықтағы бағадан 15-20 пайызға төмен бағамен сату. Қазіргі кезде бұл тауарлар қаладағы 119 сауда нүктесінде сатылып жатыр. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Барлығы 28 мың тонна азық-түлік тауарына келісімшарт жасалды. Соның ішінде 17 мың тоннадан астам көкөніс (картоп – 12505 тонна, пияз – 2160 тонна, сәбіз – 1840 тонна, қырыққабат – 1200 тонна), 1014 тонна күріш, 1100 тонна

қарақұмық, 4666 тонна қант, 128 тонна ұн, 247 тонна рожки, 230 тонна құнбағыз майы, 225 тонна тұз, 155 тонна тауық еті, 33 тонна сиыр еті, 22 млн дана жұмыртқа, 640 тонна сүт, 225 тонна айран, 18 тонна сүзбе, 22 тонна май бар. Тауарларды сатуға 119 сауда нүктесі («Магnum» – 77 филиал, «Астықжан» – 2 филиал, «Вкусмарт» – 10 филиал, «Анвар» – 2 филиал, «Аян» – 5 филиал, «Фермаг» – 20 филиал) жұмылдырылған» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында Ерлан Каналимов.

## МӘМС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Медициналық сақтандыру азаматқа медициналық қызметтердің тегін көлемін алуға мүмкіндік береді. Елорда әкімдігінде өткен кеңесте бүгінгі таңда жалпы саны 1,4 млн адамды құрайтын бас қала халқының ішінде 250 мыңға жуық азаматтың МӘМС бойынша сақтандыру сертификаты жоқ екені айтылды.

Қала әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың қатысуымен өткен өңірлік штаб отырысында сақтандырылмаған азаматтардың жағдайы талқыланып, әлеуметтік сақтандыру жүйесімен қамтуды арттыру үшін ұсыныстар айтылды. Тиісті мәселе бойынша «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Астана қаласы бойынша филиалының директоры Ербол Бекмұхамбетов баяндама жасады.

– Өткен 10 айда сақтандырылғандардың саны 49109 адамға өсті. Осы кезеңде жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша филиалда 2 млрд теңгеден астам бұзушылық анықталды. Соның ішінде міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі бұзушылықтар 1,3 млрд теңгені, ал мемлекеттік медициналық көмек қоры шеңберінде 800 млн теңгені құрайды. Жалпы осы уақыт ішінде бізге тұрғындардан 5572-ден астам өтініш келіп түсті, соның 2425-і – медициналық ұйымдарға қатысты шағымдар.

Баяндамашы астаналықтарды сақтандыру жүйесімен қамтуды арттыру жөнінде ұсыныс енгізді. Ербол Бекмұхамбетовтің пікірінше, өңірлік штабтың ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту қажет. Емханаларға МӘМС-тің негізгі мәселелері бойынша медициналық ұйымдардың қызметкерлерін оқытуға белсенді қатысу керек. Көшедегі сыртқы

жарнама нысандарында, қаланың автобус аялдамаларында және тұрғын үйлердің лифттерінде МӘМС бойынша ақпараттық материалдар мен бейнероликтерді орналастыруды көбейту керек.

Өз кезегінде Евгений Глотов барлық мемлекеттік органдарға ақпарат жұмысын күшейтуге шақырды.

– Барлығы осы жұмысты жүзеге асырудың маңызын түсінеді. Аудандардың әкімдіктері жан-жақты көмек көрсетіп, өздерінің аудандық штабтарын құруы тиіс. Мемлекеттік кірістер департаменті МӘМС үшін ай сайынғы төлем туралы жеке кәсіпкерлер арасында ақпарат жұмысын күшейтсін. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы жұмыссыз азаматтармен тұрақты негізде түсіндіру жұмысын жүргізуі қажет. Нақты тапсырмалар штаб хаттамасына енгізіледі, – деді қала әкімінің орынбасары.

Жалпы 2023 жылғы 1 қараша күніне МӘМС түсімдері 67 млрд теңгені құрады. Аталмыш қор 2023 жылы елордада медициналық қызмет көрсетуші 172 медициналық ұйыммен келісімшарт жасасты, соның ішінде 133-і – жеке меншік нысанындағы медициналық ұйым, 39-ы – мемлекеттік ұйым. 2023 жылы қосылған жаңа жеткізушілер саны – 55.

Құралай МҰРАТОВА



## АҚТӨБЕ ТӘЖІРИБЕСІМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған депутаттар жұмыс сапарымен Ақтөбе қаласына барды.



Төрағаның айтуынша, бұл қалада құрылыс мерзімі 2,5 айға ғана созылған, құны 300 млн теңгеден басталатын өрт депосын салу жобасы сәтті іске асты. Кешенде оқу мұнарасы, спорт алаңы, жанармай құю бекеті, су ыдысы, БӨП, арнайы техникаға арналған ангарлар және т. б. қарастырылған.

«Болашақта біз Астананың тұрғын алаптарында осындай типтегі құрылыстарды саламыз. Өрт сөндіру деполары біздегі климат жағдайына және елордалық құтқарушылардың талабына толық сәйкес келеді. Қазіргі уақытта елордада 12 өрт сөндіру бөлімі жұмыс істейді, тағы 18 өрт сөндіру бөлімін салу қажеттілігі бар» дейді Ерлан Каналимов.

## ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН ҚАЛАЙ НЫҒАЙТАМЫЗ?



Кеше Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиынға аталған комиссия төрағасы, қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, комиссия мүшелері, басқарма басшылары қатысты.

Қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдулет Әлмұханов биыл әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс аясында 11 жоба жүзеге асырылса, отбасы институтының маңызын ескере отырып, соның үшеуі отбасы мәселесіне арналғанын атап өтті.

– Бұл жобалардың қатарында татуластыру орталығын құру, медиация кабинетінің жұмысын жолға қою бар. Аталған кабинет осымен екінші жыл жұмыс істеп, биыл 10 айда 300 адамға көмек көрсетті. Оның ішінде 180 әйелге ішкі істер органдарымен бірге тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Бүгінгі таңда 29 отбасы бойынша медиациялық келісім жасалып, тараптардың келісімімен татуласуға шешім шығарылды. 32 адам оңалту курсынан өтті. Сонымен қатар гендерлік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кешенді іс-шаралар жүргізудеміз, – деді басқарма басшысы.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз алған қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб бұл басқармада биылға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар мақсатты топтардың қажеттіліктеріне қарай және халықтың сұранысын бағалауға бағыттала бекітілгенін жеткізді.

– 2023 жылға әлеуметтік жобалардың 5 саласы бойынша 28,8 млн теңге бөлінді. Бұл – есту қабілеті төмен адамдарды әлеуметтік қолдау, аутизм диагнозы бар балаларды оңалту, ерекше қажеттілігі бар жандарды оңалту техникаларына техникалық қызмет көрсету және жөндеу, абақтыдан шыққан адамдарды оңалту бойынша аз қамтылған адамдарға қызмет көрсету бағытындағы жобалар, – деді аталған басқарма басшысы.

Отырыс барысында сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылық деңгейін төмендету, жасөспірімдер арасында қылмысты болдырмау, қаладағы білім

беру ұйымдарындағы жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері де сөз болды. Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма өкілдері мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асып жатқан 6 жоба туралы ақпарат берді.

– Қозғалып отырған тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі қазіргі қоғамның қасіретіне айналып отыр. Соңғы орын алған оқиғалар – соның айқын көрінісі. Өкінішке қарай, тұрмыстық зорлық-зомбылық көптеген отбасының күнделікті өмір сүру әдетіне айналып, отбасы құндылығының әлсіреуіне әкеліп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының өз Жолдауларында азаматтар мен қоғам тарапынан отбасындағы зорлық-зомбылық жасағаны үшін жазаны күшейте қажеттігі туралы үндеулердің жиілеткеніне баса назар аударып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың еліміздегі үлкен проблеманың біріне айналғанын атап айтты. Бұл ретте дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтер көрсете отырып, оңалту жұмысын жүргізуде, – деді «Үміт» дағдарыс орталығының директоры Ғалихан Қоқанбеков.

Райхан РАХМЕТОВА

## МАҢЫЗДЫ ЖОБАЛАР ҚАРАЛДЫ



Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында бірнеше нормативтік құқықтық акт жобасы қаралып, күн тәртібінде 5 мәселе көтерілді. Отырысқа кеңес төрағасы Зұлпыхар Ғайыпов жетекшілік етті.

Атап айтқанда, Астана қаласының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті туралы шешіміне өзгерістер енгізу туралы қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Манқараев баяндады.

– Астана қаласының бюджетін нақтылау ҚР Бюджет кодексінің 106-бабына сәйкес өткізу ұсынылып

отыр. Кірістер бойынша ағымдағы жылдың түсімдерін негізге ала отырып, жалпы түсімдерді 3,7 млрд теңгеге ұлғайту ұсынылды. Салықтық емес түсімдерді 2,6 млрд теңгеге азайту ұсынылды. Сонымен қатар негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша жоспарды 1,5 млрд теңгеге кеміту ұсынылуда, – дей келе, ол

шығыстар бойынша да өзгерістер туралы мәлімет берді.

Одан әрі Астана қаласындағы көші-қон процесін реттеу қағидасын бекіту туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб баяндаса, Астана қаласы бойынша 2023 жылға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін бекіту туралы қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов баяндады. Елорданың су объектілерінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы қаулыға өзгерістер енгізу Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Ерлан Бердалиев және қала бойынша сайлау учаскелерінің шекараларын құру туралы Астана қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Жанасыл Шаукентаев сөз сөйледі. Өр баяндамашыға кеңес мүшелері тарапынан сұрақтар қойылды.

«Joltar» жобасы аясында 168 адам таргетолог, SMM, видеограф, маркетплейс, мобилограф, графика дизайнері және веб-дизайнер (сайттарды әзірлеу) сияқты цифрлық дағдылар бойынша оқуын тәмамдап, сертификат алды.

## ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРДЫ МЕНГЕРДІ

Сертификат иелері менгерген мамандығы бойынша жұмыс істеуді жоспарлап, бұл бағытта жобалар жүргізу, жаңа клиенттер табу және табысын арттыруды көздеп отыр. Қазір жастар арасында да, 35 жастан асқан азаматтар арасында да бұл курстарға қызығушылықтың артуы байқалады. Цифрлық дағдылар бойынша қысқа мерзімді курстан өту кезінде білім алушылардың 63 пайызында жұмыс тәжірибесі болмаған, олардың 11 пайызы өзін-өзі жұмыспен қамтыған.

«Freelance mumkindik» қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы Астана қаласының 18-50 жас аралығындағы тұрғындарына қолжетімді. Оған жазылу «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттерінде өтеді.

Елорда тұрғындары мемлекеттік қолдау шаралары, жұмысқа орналасу, сондай-ақ жұмыс және цифрлық дағ-

дыларды игеру мүмкіндігі бойынша мына мекенжайлардан кеңес ала алады:

- \* «Ailand» ОДО, Қорғалжын тасжолы, 2;
- \* «Magnum» супермаркеті, Еділ көшесі, 26;
- \* Жастар сарайы, Республика даңғылы, 34;
- \* «Тұлпар» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 24;
- \* «Euromall» СУ, Ш.Қосшығұлұлы көшесі, 24;
- \* «Встреча» СУ, Абылай хан даңғылы, 31;
- \* «Mechta» СУ, Сығанақ көшесі, 3;
- \* «Азия парк» СОО, Қабанбай батыр даңғылы, 21;
- \* «Саянұр» базары, Н.Тілендиев даңғылы, 24/5;
- \* «Big Шанхай» базары, Алаш тасжолы, 32А.



## ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТҮСІНДІРУДЕ

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, бас қалада жыл басынан бері 548 өрт тіркелген. Өрттердің басым бөлігі, яғни 222 жағдай тұрғын үй секторында болған. Оның 154-і жеке секторда, 59-ы көпқабатты үйлерде, ал 9-ы жатақханаларда орын алған. Өрттің алдын алу және салдарынан болатын оқиғалардың алдын алу мақсатында департамент мамандары сақтандыру іс-шараларын ұйымдастырып жатыр. Мамандар рейд кезінде тұрғындарға күнделікті өмірдегі өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіруде.

Бүгінде Төтенше жағдайлар департаменті мен қалалық Полиция департаментінің қызметкерлері, еріктілер жеке тұрғын үй секторын аралап жүр. Олар жыл басынан бері 66225 адамды қамтитын 54668 жеке тұрғын үйге барды. Соның ішіндегі 1877-сі халықтың әлеуметтік осал тобы тұратын үйлер екені анықталды. Аталған үйлерге жылыту маусымы басталғаннан бері тұншықтырғыш газды анықтау бойынша 295 датчик орнатылды. Құтқарушылар осындай рейд кезінде өрт қауіпсіздігі

ережелерінің сақталуын тексереді, тұрғындармен әңгімелесіп, тұрғын үйді өртке қарсы жабықтаудағы кемшіліктерді анықтайды.

Мамандар жеке тұрғын үй секторында өрттің туындауының негізгі себептері электр жабдықтарын монтаждау және пайдалану ережелерін бұзу, пеш жағу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелеріне мән бермеу, тұрмыстағы электр құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін және өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтамау екенін айтады.









Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

**С** ондай алаяқтықтың бір түрі – «Қазақстан поштасы» атынан жалған SMS-хабарлама таратып, тұтынушыларға күмәнді сілтемеге өтуді ұсынады екен. Осыған орай, «Қазпошта» АҚ банк картасының нөмірі мен CVV кодын жарияламауды сұрап, сақ болуға шақырады.

«ҚР азаматтары мен «Қазпошта» клиенттеріне әлемде мені жеткізуді тоқтату туралы хабарламалар жіберілуде. Хабарламалар жалған электрондық пошта мекенжайы арқылы жіберіліп жатыр. Егер сіз фишингтік сайттағы сілтемені пайдалана отырып, тауарды жеткізу төлемін жасауды шешсеңіз, бұған өзіңіз жауапты боласыз. «Қазпошта» АҚ хабарламаларды тек 1499 ресми қысқа нөмірінен жолдайды» делінген ресми таратылған ақпаратта.

Осыған орай, сарапшы ҚР ІІМ Криминалдық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы күрес орталығының бастығы, полиция подполковнигі Жандос Сүйінбайдан пікір сұраған едік.

– Әлеуметтік портрет бойынша бұл санатқа психологиялық тұрғыдан арнайы дайындалған, 20-дан 45 жасқа дейінгі, орыс тілін жетік меңгерген, шетелдік ұйымдасқан қылмыстық топтар мен қылмыстық қауымдасушылардың құрамына кіретін, «call-орталықтар қағидаты» бойынша жұмыс істейтін, жақын және алыс шетелде тұрақты орналасқан ерлер мен әйелдер кіреді. Олардың арасында рөлдердің нақты бөлінуі бар: «келіссөз жүргізушілер», «хакерлер», IT мамандары және өздерінің қауіпсіздік қызметі, – дейді сарапшы Жандос Талғатұлы.

Сондай-ақ алаяқтар «көлеңке» қалу үшін Telegram арқылы тауып алған Қазақстан азаматтарының ішінен «дроптар» (оның банк картасы ұрланған ақша үшін «транзиттік» картасына айналатынына келісетін адам) пайдаланады.

ОПЫҚ ЖЕГЕНДЕР  
АЗ ЕМЕС

«Осыдан 8-9 жыл бұрын оңбай алданғаным бар. Ұят та болса сол туралы айтып берейін. Ол кездегі арманым Астанадан пәтер алу болатын. Ақшаны 7 жыл жинадым. 2014-тің көктемінде шамалы қаражаттың басын құрап, дұрыстау компания іздеуді бастап кеттім. BI Group, BAZIS-A сынды мекемелердің бәріне бардым. Оңшең бір орысша шүлдирлеген ұл-қыздар, саған сатпақ үйлерінің қадасы да әлі қағылмаған. Бұлар қай уақытта салып бітеді деп ойлап қоямын. Сөйтіп жүріп «Сервистехмонтажстрой» дейтін атауы шұбалаңқы бір компания туралы естимін. Салып жатқан үйлерін барып көрдім. 70 пайызға дайын тұр. 3 айдан кейін кілтін тапсырғалы жатыр екен. Қуанышым орай, сатылып жатқан пәтерлер әлі бар екен. Әлгі BI Group-та миллиондаған ақшаның әңгімесін жап-жас балалармен талқыласаң, мұнда компания директорының өзі сені жеке қабылдайды екен. Не деген мәртебе?! Жетектеп бірден кабинетіне кіргізеді. Алдыңа шай-кофеңді қояды. Баптанып отырып, шаттанып сөйлесесің. Директоры да елуден енді асқан, салмақты, сабырлы адам екен. Орысша-қазақшасы бірдей, он сөз айтса, соның жартысы «Алла», «Құдай». Үстелде – Құран, шкафта – Құран, қабырғаларға қаптапты қасиетті кітаптағы сурелер жазылған картиналарды іліп тастаған. «Ойпырмай, Құдайға қараған қандай жақсы адам!» деп қоямын ішімнен. Не керек, содан әлгі кісінің бар айтқаны көңілге

АЛАЯҚТЫҚ  
ТҮРІ САН АЛУАН

Цифрландыру өмірімізге дендеп енген сайын алаяқтық түрлері де жыл сайын «дамып» келеді. Оңай жолмен ақша тапқысы келетіндер қандай да бір мүмкіндікті пайдалануға тырысады. Мұндайлар елордада да аз емес.

қонып, қолдағы бар ақшаны сол кабинетке тастап шықтық қой. Содан 2-3 ай өткеннен кейін аузынан Алласы түспеген жаңағы ағамыздың алаяқ екенін білдік. 700 адам бар ақшасынан айырылып, сан соғып қалды. Солардың көбі, әсіресе қазақтар, сотта алаяқтың аллашылдығына, құдайшылдығына сеніп, үлескер болғанын ашына айтты. Ақырында 700 адамды алдаған алаяқ 9 жылға сотталды. Бірақ оған дейін 6 миллиард теңгені қылғытып үлгерді» дейді астаналық қоғам белсендісі Бахтияр Хамит.

Әрине, үлескерлердің проблемасы өте өзекті. Алдағы уақытта сондай қазуға тап болмас үшін ақпараттанып жүрген дұрыс. «Қара тізімге» енген компаниялар бар Алматыда да, Астанада да. Әдетте, оның тізімін әкімдіктердің сайты жариялап жатады. Салынбаған үйге ақша салмас бұрын сондай тізіммен танысып алғанның да артықтығы жоқ дейді Ұлттық банктің «Қаржы сауаты» Telegram-каналындағы мамандар.

Қылмыскерлер алдаудың ең көп тараған 4 әдісін қолданады: 1. Тауарлар мен қызметтерді сату туралы онлайн-жарнамаларды орналастыру. 2. Азаматтарға телефон соғып, өзін банк пен құқық қорғау органдарының қызметкерімін деп таныстырып, оларды әртүрлі жағдайға шабыттандырады.

3. Олар әртүрлі инвестиция жобаларына ақша салуды ұсынады.

4. Әртүрлі компаниялар мен ұйымдардың фишингтік сайты жасап, кейіннен пайдаланушылардың құпия ақпаратын алады.

«Шетелдік интернет-алаяқтардың трансшекаралық қылмыстық қызметін тергеу мен жолын кесудің қиындығы олардың орналасқан жерінде ғана емес, яғни елден тыс жерлерде де, сонымен бірге олардың хакерлік бағдарламаларды қолдануында. Және бұл проблемаға әлемнің барлық елі тап болады» дейді ҚР ІІМ Криминалдық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы күрес орталығының бастығы, полиция подполковнигі Жандос Сүйінбай.

Зиянды өтеудің төмендігіне және ұрланған қаражат қозғалысын дер кезінде бөгеу мүмкін еместігіне әсер ететін негізгі фактор – жәбірленушілердің полицияға кеш жүгінуі.

КАРТАНЫ АБАЙЛАП  
ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ!

Қаржы саласынан білгені көп Аяқоз Ханетова желіде өте пайдалы ақпарат жариялады. Автордың осы қағидасын қаперде ұстап жүргеніңіз абзал. «Егер біреу сізге төлем жасау үшін ақша аударамын десе, оған тек банк картасының алдыңғы бетіндегі нөмірі ғана

жеткілікті. Ал қалған ақпарат тек сізге ғана керек. Алайда интернет-дүкеннен зат алып, төлем жасайтын кезде, әлбетте, банк картасының алдыңғы және артқы бетіндегі ақпараттың барлығын толық жаза аласыз.

Егер сіз бейтаныс адамға банк картаның нөмірін ғана берсеңіз, ол ештеңе жасай алмайды;

– нөмірін, жарамдылық мерзімін, аты-жөніңізді жіберсеңіз, кейбір интернет-дүкендерде төлем жасай алады;

– нөмірін, жарамдылық мерзімін, аты-жөніңізді, CVV/CVC кодын жіберсеңіз, қонакүйді немесе көлікті жалға ала алады, картаңызды өзіңіз Google Play-ына «байлап» қоя алады, Litres сияқты сайттарда төлем жасай алады;

– нөмірін, жарамдылық мерзімін, аты-жөніңізді, CVV/CVC кодын және келген SMS-кодты жіберсеңіз, интернетте еш шектеусіз кез келген төлемді орындай алады.

Ал карта дерегіңізге куәлігіңізді сканерленген нұсқасын қоса жіберсеңіз:

– сіздің атыңызға несие ала алады;

– пәтеріңізге адам тіркей алады (прописка);

– ең сорақысы, жеке дерегіңізді білген адам сізді бопсалай алады.

Сақ болыңыз, ақша жіберу немесе алу үшін сілтемені баспаңыз, ақшаны карта нөмірі арқылы емес, басқа төлем жолы арқылы алу/жіберу мүмкіндігі болса, телефон нөмірін, PayPal, тағы басқаны пайдаланған жөн. Электрондық пошта арқылы банк картасының нөмірінен басқа деректі жіберуге болмайды. Сондай-ақ құжатыңыздың сканерленген нұсқасын тек танитын адамға, ұйымға жіберіңіз, онда да алдын ала хабарласып, анықтап алу керек. Поштаңызға бейтаныс адамнан, ұйымнан келген хатты «спам» бөлігіне жіберіңіз, сілтеме жіберсе, ешқашан да баспаңыз» дейді макроталдаушы, қаржы сарапшысы Аяқоз Ханетова.

Ал Жандос Сүйінбайдың айтуынша, азаматтар алаяқтардың құрбанына айналғанын түсінгенше ұрланған ақша шоттан алынып, шетелге жіберіледі. Орташа алғанда, қылмыс жасалған сәттен бастап ішкі істер органдарына жүгінуге кететін уақыт 3 күннен бірнеше айға дейін созылады.

АРБАУҒА ТҮСІП  
ҚАЛМАҢЫЗ!

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге қарасаңыз, сан жалған немесе өтірік ақпарат толып жүргенін көресіз. Ал олардың адамға келтіретін зардабы да көп. Соңғы кездері желіде қызу тарап, талқыға түскен «Жастар» бағдарламасы бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындау туралы ақпараттың фейк екені анықталды.



Мессенджерлерде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің атынан «Жастар» бағдарламасы шеңберінде 35 жасқа толмаған адамдарға әлеуметтік көмек тағайындау туралы жалған ақпараттың таратылғаны белгілі болды. Тағайындалған қаражатты аудару үшін белгісіз адамдар, яғни алаяқтар телефон нөміріне қоңырау шалуды немесе сілтемені басуды ұсынады. Еліміздің Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі аталған бағдарламаның да, әлеуметтік көмектің де мұндай түрі жоқ екенін ресми хабарлады.

Жалпы, қаржы сарапшылары, ішкі істер орган-

дарының өкілдері үнемі ілгеріде ескерткеніндей, хабарламада көрсетілген нөмірлер немесе сілтемелерге өту алаяқтардың өз пайдасы үшін азаматтардың жеке дерегін алу тәсілі тағайындау мүмкін. Сондықтан министрлік өкілдері қандай жағдай болмасын адамдардың алаяқтардың арбауына түспей, келеңсіз жағдайды болдырмас үшін кездейсоқ келген сілтемені баспай, көрсетілген нөмірге қоңырау шалмауды ұсынады.

Мемлекеттік қолдауды тиісті іс-шаралары туралы ресми ақпарат тек қана «1414» нөмірінен SMS-хабарлама арқылы таратылатынын ұмытпаңыз.

ДҮКЕН  
САТУШЫСЫН  
АЛДАҒАН

Астаналық полицейлер алаяқтық жасаған 28 жастағы елорда тұрғынын анықтады. Ол курьерді жалған чекпен жіберіп, дүкен сатушысын алдаған. Дүкен сатушысы полицияға жүгініп, белгісіз адам аяқ киім сатып аламын деп алдап, 18 мың теңге сомасында ақша қаражатын иемденгені туралы арызданған.



Қаскүнем дүкеннің сайтында өзіне кроссовки таңдап, сатушымен байланысып, чектегі мәліметтерді алдын ала біліп алған. Төлем жасалғаны туралы чекті қолдан жасағаннан кейін курьердің қызметіне жүгініп, оған жалған чек жіберген. Курьер өз кезегінде оны сатушыға көрсеткен. Ештеңеден күдіктенбеген сатушы оған тауарды бере салған.

Жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу барысында Астана қаласы Сарыарқа ауданы Полиция басқармасының криминалдық

полиция қызметкерлері алаяқты анықтады. Оның осыған ұқсас 4 алаяқтық фактіге қатысы бары белгілі болды. Ер адам қылмысын мойындады. Қазір оның елорда аумағында жасалған басқа да осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде.

Аталған фактіге қатысты ҚР ҚК 190-бабы (алаяқтық) бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Астана қаласының Полиция департаменті азаматтарға сақ болуды, бейтаныс адамдарға сенбеуді ескертеді.



Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫКЕЛІСІМ ТАҒЫ  
ҰЗАРА МА?

Бір апталық тыныштық бұдан әрі созылуы мүмкін бе? Кейбір мемлекет басшылары осыған үмітті, басты себеп ретінде тұрғындарға гуманитарлық көмек керек екенін алға тартып отыр. Уақытша кідіріс тапқан соғысты біржолата тоқтатудың жолын қарастыру үшін осы аптада АҚШ Мемлекеттік хатшысы Э.Блинкен Израильге және басып алынған Батыс жағалауға барады деп күтілуде. Бірақ сарапшылар бейбітшіліктің ауылы алыс дейді, өйткені Израиль ХАМАС-ты толық жеңуді көздейді. Яғни қақтығыс әлі бірнеше аптаға жалғасуы мүмкін.

Соғысты уақытша тоқтату күшіне енген өткен жұмадан бері Израиль өз түрмелерінде отырған 3260 палестиналықтың арасынан 150 тұтқынды үшке бөліп босатты. Ал Еуропа Одағы мен АҚШ «террор ұйым» деп таныған ХАМАС тобы өзі кепілде ұстап отырған 200-ден астам тұтқынның арасынан 69 әйел мен баланы босатты, оның 51-і – израильдік, 18-і – шетелдік азамат.

ПАЛЕСТИНА  
ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ АУЫР  
ҚАНДЫ ҚЫРҒЫН

Израиль армиясы «бейбіт халыққа тиіспейміз, біздің әскери операция ХАМАС-тың көзін құртуға бағытталған» деп мәлімдегенмен, бұл реткі қақтығыста Газадағы бейбіт тұрғындар қынадай қырылды. Нақтылап айтқанда, қазірге дейін 16 мың адам көз жұмды, оның 6000-нан астамы бала, 4000-нан астамы әйел деген мәлімет бар. Осы жағдайға байланысты БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Израиль әуе шабуылдары күшейген сайын Газа секторы «балалар бейітіне» айналып барады деп мәлімдеген еді. Қазірге дейін ХАМАС қарулыларынан қанша адамның көзі жойылғаны, қираған ғимараттардың астында қанша адамның мәйіті жатқаны белгісіз, Израиль тарапының мәліметінше, он шақты ХАМАС қолбасшысының көзі жойылған. Қақтығыс басталғаннан бері Израильде 1500-ге жуық адам қаза тапқан. Мұның 360-ы – әскер. Дегенмен әскери сарапшылар Израиль әскерінен өлгендердің саны бұдан әлдеқайда көп болуы мүмкін деп санайды.

7 қазаннан бері Израиль Газаға 32 мың тоннадан астам бомба тастаған. Демек, оның қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан 3 есе көп деген сөз. Израиль армиясының соққысынан солтүстік Газа, негізінен, жермен-жермен болды. Олар ХАМАС қарулылары бой тасалады деген желеумен тұрғын үйлерге, әлеуметтік нысандарға, керек десеңіз, емдеу, оқу орындарына дейін соққы жасап, Ислам университеті, әл-Шипа ауруханасы сияқты орындарды да қиратты. Сақтарын емдеу, денсаулық сақтау саласы бүкілдей туралап, жараланғандарға, сондай-ақ босанған әйелдер мен жаңа туған сәбилерге де медицина қызметі көрсетілмей жатыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, Газа секторындағы тұрғын үйлердің 60 пайызы қираған. Қаланың құбыр желісіне зақым келгендіктен, тұрғындар ауыз судан да тарығып отыр. Халықаралық қауымдастық гуманитарлық көмек қолын созғанмен, босқынға айналған (1,7 миллион халықтың барар жер, басар тауы қалмай, босып кеткен) қисапсыз халықтың қажетін қанағаттандыра алмай жатыр.

ИЗРАИЛЬ ДЕ  
ҚЫСПАҚТА ҚАЛДЫ

7 қазандағы ХАМАС бастаған шабуылды айыптап, «бұл Палестина халқын ұжымдық жазалауға себеп бола алмайды» деп мәлімдеген Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш дүйсенбі күні палестиналықтар

ХАМАС пен Израиль соғысындағы гуманитарлық үзіліс тағы екі күнге ұзарды. Оның алғышарты ХАМАС екі күнде тағы да 20 адамды босатуы тиіс. Ұзарту Қатар, Америка Құрама Штаттары және Египет елдерінің ара-ағайын болуымен жүзеге асты. Израиль атысты тоқтату туралы келісімді нақты растамағанмен, Израиль премьер-министрі Беньямин Нетаньяхудың кеңсесі Twitter-де 50 палестиналық әйелді босатуға дайын екенін жариялады.

ҚАНҒА БӨККЕН  
ГАЗА

өз тарихындағы ең қасіретті тарихты бастан өткізіп жатыр» деп мәлімдеді. Сондай-ақ ол тараптарды соғысты жаппай тоқтатуға және ХАМАС ұстаған барлық тұтқынды босатуға шақырды.

Қақтығыс басталғаннан бері Израиль армиясы жаулап алған Батыс жағалауда да Израиль армиясының қолынан қаза тапқандар көбейген. Яғни 222 адамды Израиль әскері атып өлтірген. Біріккен Ұлттар Ұйымы гуманитарлық үйлестіру басқармасы мұны 2005 жылдан бері рекордтық көрсеткіш деп мәлімдеді.

Соғыс басталған кезде «ХАМАС-ты түп-түқиянмен құртып, Газаны жау күшінен жаппай тазартамын» деп өрекіпген Израильдің де қазір арыны қайта бастады. Себебі Газадағы жерасты тоннельдеріне бекініп алған ХАМАС қарулылары оңай шағыла салатын жаңғақ емес екенін көрсетті. «Әл-Ақса су тасқыны» деп аталатын операцияны бастаған кезде-ақ 20 минут ішінде Газа секторынан Израильге 5000-нан астам зымыран атқан ХАМАС бұл жолы соғыс тактикасын жаңалап, бірқидыру озық қаруларға да қол жеткізгенін аңғартты. Израиль күштері оларды Солтүстік Газаға дейін тықсырып келгенмен, қаланың астын тышқанның іні секілді қырық тесік тоннельге айналдырған олар (кейбір деректерде Газадағы тоннельдердің ұзындығы 500 шақырымға дейін жеткені айтылады) қуатты қарсылық көрсетіп жатыр.

Қазір ХАМАС-тың Израильді атқылауы тоқтады. Бірақ соғыстың алғашқы мезгілінде ХАМАС атқан 10 мыңнан астам зымыранды қағып түсіру үшін Израиль қыруар шығынға батты. Атап айтқанда, ХАМАС қарулылары атқан зымырандардың құны әрі кетсе 3000 доллар болса, оны аспаннан қағып түсіріп жатқан Израильдің әуе шабуылынан қорғану жүйесі – «темір күмбездің» бір снарядының құны 30 мың доллардан жоғары.

«The Times of Israel» газетінің мәліметіне қарағанда, 7 қазаннан бастап Израильдің Газа секторындағы соғыстың бір күндегі шығыны кемінде 1 миллиард шекелді (ша-

мамен 269 миллион АҚШ доллары) құрайды екен. Израиль Қаржы министрлігінің алдын ала жасаған болжамына, бұрынғы қақтығыстармен салыстырғанда бұл реткі соғыс Израиль экономикасына үлкен әсер етеді. 28 қараша күні Израильдің Орталық банкі өзінің макроэкономикалық болжамын жариялап, Израиль-ХАМАС соғысы Израиль экономикасына шамамен 198 миллиард шекел (53 миллиард АҚШ доллары) шығын әкелуі мүмкін деп жариялады.

Қазір Израиль билігіне ішкі және сыртқы қысым да күшейді. Израиль халқы биліктің қазірге дейін тұтқындарды толық босата алмағанына наразылық танытса, елдің әр бұрышында соңғы күндері Газадағы палестиналықтарды қолдаған митингілер жиіледі. Соңғы кездері қарым-қатынасы сотқа талап-арыз жолдады. Анкара оны Газа секторында тұратын тұрғындарға геноцид жасады деп айыптайды.

Израильдің Газада қан-қасап қырғын жасауы бұл елдің негізгі қолдаушысы – АҚШ-ты да ыңғайсыз жағдайға қалдырды. Ал АҚШ-тың көмегі болмаса, ұзақ соғысуды Израильдің да экономикасы көтермейді.

ПАЛЕСТИНА МЕМЛЕКЕТІ  
ҚҰРЫЛУЫ МҮМКІН

Өткен айда Мысыр (Египет) астанасында «Бейбітшілікті жақтау саммиті» өтті. Мысыр президенті Әбдел Фаттах ас-Сиси бастамашы болған құрылтайға Еуропа, Африка, Таяу Шығыстың және басқа аймақтардың 30-ға жуық мемлекеті, соның ішінде араб елдері, АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Грекия, Қытай, Ресей өкілдері қатысты. Саммит қорытындысында тараптар ешқандай құжатқа қол қоймады. Тіпті бірлескен мәлі-

ме де қабылданбады. Жиынға қатысқан басшылар қақтығыс үшін барлық жауапкершілікті ХАМАС-қа жүктейтін тұжырымға келіспеді де, бірлескен мәлімдеме орнына саммитке бастамашы болған, оған төрағалық еткен президент Әбдел Фаттах ас-Сиси араб елдерімен келісе отырып, өз мәлімдемесін жариялады. Аталған құжатта қақтығысқа «халықаралық қоғамдастықтың әділетті шешімді ұзақ уақыт таба алмауы» сынға алынып, әлем лидерлері «қақтығысты тоқтатуға емес, қақтығысты реттеуге» күш салып, «зардап шегуші халықтың тіпті ең төменгі мұқтажына сәйкес келмейтін уақытша шараларды» ұсынып, уақыт жоғалтты делінген. Осы жиналыста бұған дейін Израильге біржақты қолдау көрсеткен Еуропаның лидерлері саммит соңында ұстанымын жұмсартып, Палестина халқын Еуроодақта «террорист ұйым» деп танылған ХАМАС-пен тенеістірмеуге шақырды.

Саммитте сөз алған Палестина автономиясының басшысы Махмұд Аббасқа «Біз халқымызды Газадан көшірудің, палестиналықтарды Иерусалимнен немесе Иорданияның Батыс жағалауынан аластаудың кез келген талабынан бас тарту керекін ескертеміз. Қандай қиыншылық көрсек те, өз жерімізде табан тіреп қаламыз. Біз кетпейміз!» деп ашық айтты.

Ең бастысы, Каир саммиті қорытындысында оның қатысушылары «тәуелсіз Палестина мемлекетін құру өңірдегі нағыз бейбітшілік пен тұрақтылықтың жалғыз ұстыны болады» деген байламға келді. Бұл туралы да БҰҰ басшысы Антониу Гутерриш мәлімдеді. Осыдан бұрын Қытай мен Ресей де «Палестина мемлекеті құрылуы керек» деген талапты жақтаған. Еліміздің Сыртқы істер министрлігі де «Қазақстан Палестина мемлекетін құруды қолдайды» деп мәлімдеген. Демек, осы реткі қанды қырғын аяқталғаннан кейін «Палестина мемлекеті» құрылуы әбден мүмкін. Алайда соғыстан кейін Газаны кім басқарады деген сұрақ әлі шешілген жоқ.



## ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ҚАУІП КӨП ПЕ?

Солтүстік Кореяның алғашқы тыңшы Жер серігі зымыраны ұшыруы азаматтық және әскери-теңіз авиациясына үлкен қауіп төндіреді. Бұл туралы БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің өкілі мәлімдеді.



Пхеньян барлаушы Жер серігін ұшыратынын Халықаралық теңіз, азаматтық авиация ұйымы мен Телекоммуникация одағына алдын ала ескертпеген. БҰҰ 2006 жылдан бері Солтүстік Кореяға зымыран және ядролық бағдарламалармен айналысуға шектеу қойған болатын. Бірақ санкцияны айналып өтіп, зымыран сынағын жалғастырып келеді. Енді Қауіпсіздік кеңесі бұған қарсы шара қолдануға бекініп отыр.

ҒАЛАМҒА  
ТӨНГЕН ҚАТЕР

Британдық ғалымдар әлемдегі ең алып мұздық ери бастады деп мәлімдеді.



Бұл – «A23A» деп аталатын Антарктидадағы мұздықтардың ең ірісі. Қазіргі уақытта ғалымдар 30 жыл қозғалмаған мұздықтың кенеттен еру себебін анықтауға кірісті. Соңғы уақытта әрекетінен Жер бетіндегі температура артып, абсолютті мұздықтарға да қауіп төне бастады. БҰҰ жанындағы климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобының жаңа мәліметтеріне сәйкес, 2100 жылға қарай температураның 2,7 градусқа көтерілуі ықтималдығы жоғары. Егер мұздықтың бәрі еріп, суға айналса, онда адам баласының да аман қалуы екіталай.

ЕУРООДАҚҚА  
МҮШЕ БОЛА МА?

Еуропарламент Украинаның Еуроодаққа мүшеліктен үміткер атануын қолдады. 28 қарашада Еуропарламент пен Украина Жоғарғы Радасы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Украина Жоғарғы Радасының спикері Руслан Стефанчукпен меморандумға қол қойылуын «тарихи оқиға» деп атады.



Еуропарламенттің жетекшілері (президенттер конференциясы) Украинаға үміткер мәртебесін беру туралы 2022 жылы Еуропа кеңесінің шешімін қолдайтынын мәлімдеді. Енді Еуропа кеңесінің желтоқсандағы отырысында осы шешімдер бойынша келесі қадам жасалауы тиіс. Президенттер конференциясы Брюссель мен Киев арасында келіссөз басталуы үшін Украина реформаны жалғастыру бойынша шарттарды орындайды деп үміттенеді.



Қоғамның алаңдаушылығын туғызған суицид мәселесі қазір өткір тұр. Әсіресе, жастар мен жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсайтындардың көбеюі – алаңдайтын жайт. Бүгінгі таңда Астанада кәмелет жасқа жетпегендер арасында суицидке баратындардың мониторингін қала әкімдігіне қарасты Қалалық психикалық денсаулық орталығы жүргізеді. Бұл мониторингті жүргізуде олар медициналық ұйымдардың, ювениалды полицияның, Астана қаласы полиция департаменті жедел басқару орталығының, қалалық білім басқармасының деректерін негізге алады.

**В**edomствоаралық өзара іс-қимыл алғы шарттары шеңберінде білім беру мекемелерінің психологтары суицидтік мінез-құлық тәуекелі бар жасөспірімдерді емхана мамандарына жібереді. Сонымен қатар қалада жасөспірімдер мен жастарға консультативтік, емдік-алдын алу көмегін беретін, салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі аспектілері бойынша машықтарды сіңіруге бағытталған жұмыстар жүргізетін 16 жастар денсаулығы орталығы жұмыс істейді. Мұндай орталықтарда 10-29 жас аралығындағы адамдарға репродуктивті және психикалық денсаулықты сақтау бойынша медициналық көмек көрсетіледі.

Соңғы үш жылда 250 дәрігер суицидтік мінез-құлық диагностикасы бойынша оқытылды. Астана қаласында әлеуметтік профилактикалық көмек көрсету бөлімшесі мен әлеуметтік қызметкерлер, психологтар жұмыс істейді, олар ұдайы әкімдік жанындағы әлеуметтік қорғау бөлімдерімен өзара тығыз байланысты жұмыс жүргізеді. Құқықбұзушылыққа барған балалар мен отбасыларға психологиялық қолдау көрсету үшін және өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды психологиялық көмекпен қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылдан бастап «Психологиялық қолдау қызметі» жобасы іске қосылған.

Осы қызмет шеңберінде учаскелік инспекторлармен, құқықбұзушылық профилакти-

# СУИЦИДПЕН КҮРЕС ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?



касы менеджерлерімен, мектеп психологтарымен өзара іс-қимыл жүргізіледі. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен балалар анықталған жағдайда олардың материалдары Кәмелет жасқа толмағандар ісі мен олардың құқығын қорғау жөніндегі комиссия қарауына жіберіледі.

## БАЛАЛАР АРАСЫНДА НЕГЕ КӨБЕЙДІ?

Бесіктен бөлі шықпай жатып, баланың жан күйзелісіне түсуіне де отбасылық, әлеуметтік, психологиялық аспектілер ықпал етіп, олардың арасындағы суицидтік көбеюіне әсер етіп отыр. Сонымен қатар интернет арқылы кибербуллинг те бала бойында қорқыныш пен үрейді күшейтіп, жан күйзелісін арттыру мүмкін. Әлеуметтік желілерді жиі пайдалану адамның өзіне деген көңілі толмаушылығын тудырып, өзін өзгелермен салыстыруынан күйзеліске әкеледі.

Биыл қараша айының басында жасөспірімдер арасында суицидтің белең алу мәселесі елордалық мәслихатта қаралды. Сол кезде қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова соңғы бес жылда Астанада жасөспірімдер арасында суицид жасауға



**2023** жылдың 9 айында елордада жасөспірім балалардың өз-өзіне қол жұмсауға баруы бойынша **83** жағдай тіркелді. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **16** пайызға көп. Соның ішінде **75** жағдай бойынша суицид жасаған жастар тірі қалған, **8** жағдайда көз жұмған. Қайтыс болғандардың ішінде үшеуі **15-17** жас аралығындағы жасөспірімдер, – деді басқарма басшысы.

Оның берген мәліметтері бойынша, суицидке баратын жасөспірімдер арасында қыз балалардың үлесі басым және көбіне суицидке 15-17 жас аралығындағылар жиі барады. Сонымен қатар колледж студенттеріне қарағанда мектеп оқушыларының саны көп. Өзіне өзі қол жұмсаудың ең жиі кездесетін тәсілі – дәрімен улану. Ал жиі кездесетін себептерге отбасындағы кикілжің, достарымен, қатарластарымен келіспей қалу жатады.

Осы отырыста сөз алған қалалық білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенгазиев суицид себептеріне психикалық ауытқу мен күйзеліске түсу, шизофренияны жатқызды. Оның айтуынша, сырттан көшіп келетін отбасылардың

талпынғандардың 429 дерегі тіркелгенін жеткізді.

– 2023 жылдың 9 айында елордада жасөспірім балалардың өз-өзіне қол жұмсауға баруы бойынша 83 жағдай тіркелді. Бұл былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16 пайызға көп. Соның ішінде 75 жағдай бойынша суицид жасаған жастар тірі қалған, 8 жағдайда көз жұмған. Қайтыс болғандардың ішінде үшеуі 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер, – деді басқарма басшысы.

Оның берген мәліметтері бойынша, суицидке баратын жасөспірімдер арасында қыз балалардың үлесі басым және көбіне суицидке 15-17 жас аралығындағылар жиі барады. Сонымен қатар колледж студенттеріне қарағанда мектеп оқушыларының саны көп. Өзіне өзі қол жұмсаудың ең жиі кездесетін тәсілі – дәрімен улану. Ал жиі кездесетін себептерге отбасындағы кикілжің, достарымен, қатарластарымен келіспей қалу жатады.

Осы отырыста сөз алған қалалық білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенгазиев суицид себептеріне психикалық ауытқу мен күйзеліске түсу, шизофренияны жатқызды. Оның айтуынша, сырттан көшіп келетін отбасылардың

балалары да сыныпқа бейімделу барысында қиындықтарға жиі душар болады.

Осы ретте мектептегі психологтар қызметін күшейту керектігі айтылып жүр. Олар баланың басындағы қиын жағдайды оңай еңсеруге көмектесіп, педагогтармен, медицина қызметкерлерімен, отбасылармен тығыз жұмыс істеуі керек. Суицид белгілері бар балаларды болжап, ертерек анықтап отыруы тиіс. Сонымен қатар мұғалімдер мен ата-аналарға арнап психикалық ауытқу мен суицидтік мінез-құлықты айыра білуге үйрететін оқу семинарларын өткізуі қажет. Ал тиісті басқармалар мектептер мен емдеу мекемелеріндегі психологтардың тиімді жұмыс істеуі үшін оларды қажетті жабдықтар, ресурстармен қамтамасыз етуі керек.

## БАСТЫ ФАКТОРЛАРЫ ҚАНДАЙ?

Кез келген елдегі суицид себептерін анықтау күрделі және ол сан түрлі болып келеді. Оның жауабын түрлі факторлардан, яғни әлеуметтік, экономикалық, мәдени және психологиялық тұрғыдан қарап іздеу керек. Ал Қазақстанда оған мынадай бірнеше факторлар себеп болуда. Біріншіден, экономикалық қиындықтар – жұмыссыздық, жалақының төмендігі және жалпы экономикалық қиындықтар халықты күйзеліске түсіріп, суицид қаупін арттырады. Екіншіден, психикалық денсаулығының түзелмеуі, психикалық ауытқулары бар адамдарды қолдаудың тиімді жүйесінің жоқтығы. Үшіншіден, отбасылық мәселелер, отбасындағы ұрыс-керіс, ажырасу, зорлық-зомбылық та күйзеліс пен дағдарысқа әкеліп, суицидке итермелейді. Төртінші фактор, әлеуметтік – мәдени факторлар, яғни халықтың ішінде нақты бір топтардың өмір сүру салтының басқалардың жан-дүниесіне, көңіл-күйіне әсер етуі. Бесінші фактор, суицид жасау құралдарының қолжетімділігі. Тағы бір фактор, психикалық денсаулық туралы білімнің жоқтығы, бұл да психикалық ауытқу белгілерін тани алмауға әкеледі. Сонымен қатар әлеуметтік қолдаудың жоқтығы, жалғыздық, қоғамнан оқшаулану да адамның эмоционалды жағдайына кері әсер етеді.

## ҚАЛАЙ АЛДЫН АЛАМЫЗ?

Суицид мәселесін шешу үшін әлеуметтік, экономикалық, медициналық және білім беру саласындағы қоғам өмірінің түрлі қырларына кешенді ықпал ету жолдарын қарастыру керек. Суицид профилактикасы мемлекеттік саясат деңгейінде де, қоғам пен әрбір азаматтың



Суицидтік әрекеттерді төмендету бойынша жұмыстар бірнеше бағытта жүргізіледі. Атап айтқанда, психологиялық қолдау, соның ішінде күйзелісте жүрген адамдарға кеңес беру, қызу желілердің ашық болуы. Екінші жолы – психикалық денсаулық туралы білімді арттыру бағытында бағдарламалар қабылдап, іс-шаралар өткізу

жеке жауапкершілігі деңгейінде де күш салуды қажет етеді. Мамандардың айтуынша, суицид жасаушылар өзін өлтірудің түрлі тәсілдеріне барады. Оны таңдауы суицид жасауға болатын құралдардың қаншалықты қолжетімділігіне, адамның психологиялық жағдайына байланысты болады. Солардың ішінде анағұрлым көп кездесетіндері мыналар: бірінші, от қару, бұл құрал қолжетімділігі жоғары елдерде жиі кездеседі. Екінші, улану, ол үшін көп мөлшерде дәрі, химиялық заттар немесе у ішу қолжетімді. Үшінші, асылып қалу, бұл да көптеген елдерде жиі кездесетін суицид тәсілі. Төртінші, биіктіктен секіру, кейбір адамдар үй балконы мен терезесінен, бірқатары көпірлер мен ғимараттардан секіреді. Бесінші тәсіл, пойыз астына түсу немесе автокөлік жолына түру.

Суицидтік әрекеттерді төмендету бойынша жұмыстар бірнеше бағытта жүргізіледі. Атап айтқанда, психологиялық қолдау, соның ішінде күйзелісте жүрген адамдарға кеңес беру, қызу желілердің ашық болуы. Екінші жолы – психикалық денсаулық туралы білімді арттыру бағытында бағдарламалар қабылдап, іс-шаралар өткізу. Одан бөлек, медициналық персоналды, психотерапевтерді және басқа да суицидтік мінез-құлқы бар адамдармен жұмыс істейтін мамандарды оқыту. Суицид жасау құралдарының қолжетімсіздігін қамтамасыз ету. Тәуекел топтарындағы адамдармен жұмыс істеу, бұл топқа психикалық ауытқуы бар, отбасында ұрыс-жанжал көп отбасылар, жасөспірімдер жатады.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

## МАМАННЫҢ КЕҢЕСІ

– Суицид – бұл адам бойында көп уақыт жоспарланатын күрделі процесс. Оған баруға алдымен адамның психикасының бұзылуы себеп болады. Өз-өзіне қол жұмсайтындар күйзеліс, қорқыныш пен үрей, алаңдаушылық, шизофрения, биполярлы ауытқуларға тап болады. Осы ауытқулардан кейін суицид жасауға талпыныс күшейеді. Одан кейінгі фактор – отбасылық мәселелер, жанұядағы ұрыс-жанжал, ата-ананың ажырасуы, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жақынынан айрылу сияқты қиындықтар күйзелісін күшейтіп, психикалық денсаулығын бұзады. Сонымен қатар дене жарақатымен қоса моральдық соққы алу суицид

## ЕРТЕ БАЙҚАУҒА БОЛА МА?

Қалалық психикалық денсаулық орталығы психологиялық шұғыл көмек кабинетінің жасөспірімдер бойынша психолог-суицидологы Михаил Смецкой бала бойындағы суицидтік мінез-құлықты қалай тануға болатынын айтып берді.

жасауға триггер болады. Бұдан бөлек, созылмалы аурулар мен адам жанына бататын басқа да дерттер, емделіп шығатынына үміті үзілгендер де өмірден өз қолымен өтуді жөн санайды. Әлеуметтік мәдени факторлар да, яғни адамдармен араласпау, қоғамнан оқшаулану суицидке себеп болуы мүмкін. Әрине, сосын экономикалық қиындықтар да бұл мәселеде басты себептер қатарынан

табылады, мәселен, жұмыстан айрылу, кедейлік, қаржылық мәселелер суицид тәуекелін арттырады. Суицид жасауға болатын құралдардың қолжетімділігі және есірткі мен ішімдікті тым көп қолдану да аяқ асты суицид жасауға сеп болады.

Осы ретте суицидтік мінез-құлықты адам бойынан байқауға болатынын айтқым келеді. Қауіп бар екенін аңғар-

татын мынадай белгілерді атап айтуға болады:

**Суицид жасау туралы ойлары біліне бастайды:** адам өмір сүрудің мәні жоқ екенін, ешкімнен қолдау көрмейтінін, одан өле салғаны жақсы екенін сөз арасында айтып қалады.

**Мінез-құлқы өзгереді:** өмірге деген қызығушылығы мен мінезінің күрт өзгеруі, өмір сүру салтының басқа бағытқа бұрылуы, белсенділі-

гінің төмендеуі немесе керісінше тәуекелшіл әрекеттерінің көбеюі байқалады.

**Әлеуметтік оқшаулану:** жақындарынан, достары мен отбасынан бөлектеніп, өзімен өзі жиі қала бастайды.

**Көңіл-күйіндегі өзгерістер:** қатты күйзеліске түседі, апатия, уайымшылық, ашушандық, алаңдаушылық пайда болады.

**Суицидке дайындалу:** өлуге қолайлы заттарды ала бастайды, мәселен, қару, дәрі, у алуы мүмкін.

**Болашақты жоспарлаудан бас тартуы:** алдағы өміріне жоспар құрмайды, «жоқ болып кетуге» деген ниеті күшейеді.

**Жалпы жағдайының нашарлауы:** сырт келбетіне қарамайды, дене тұрқының жаман жаққа өзгереді, өз күтіміне мән бермей бастайды.

Егер жақындарыңыздың бірінің бойынан осындай белгілерді байқаған болсаңыз дереу олардың көңіл-күйіне назар аударып, қолдау мен көмек беруге дайын екеніңізді жеткізіңіз. Ал нақты қауіп төніп, жағдай ушығатынын білсеңіз, дереу психикалық денсаулық саласындағы кәсіби мамандар көмегіне жүгініп, жергілікті шұғыл көмек қызметіне хабарласыңыз!



СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА ЗАҢСЫЗ КИІК АУЛАУҒА ҚАТЫСТЫ **307 ФАКТИ** ТІРКЕЛГЕН

**80** ОҚИҒА – 2020 ж.

**87** ОҚИҒА – 2021 ж.

**66** ОҚИҒА – 2022 ж.

**74** ОҚИҒА – 2023 ж.



**13 млрд** БРАКОНЬЕРЛЕР 2023 ЖЫЛДЫҢ 10 АЙЫНДА МЕМЛЕКЕТКЕ ТЕҢГЕ ЗИЯН КЕЛТІРІПТІ

Браконьерлер 2023 жылдың 10 айында мемлекетке 13 млрд теңге (!) зиян келтіріпті. Мұндай қылмысқа қатысты 300 мыңнан аса құқық бұзушылық іс-әрекеттер анықталған, соның ішінде заңсыз аң аулау, балық аулау және табиғи ресурстарды өндіруге жататын қылмыстар бар. Алайда қазір ешбір ресми ведомство браконьерліктен біздің табиғатымыз бен мемлекет экономикасына келтірілген нақты зиянның дәлме-дәл мөлшерін айта алмайды. Өйткені табиғат ресурстарына бақылау жасайтын құзырлы органдар да, аңшылар да, тіпті сол браконьерлердің өздері де заңсыз қырып-жойылған аңдардың, құстар мен балықтардың тура көлемін көрсетуге ықыласты емес.

шілік, ізгілік тұрғысынан шешуге апаратын басқа жол жоқ дегенге өз басым сенбеймін» дейді ол.

Ауала ұлттық аңшылар мен балықшылар палатасының президенті Батыр Сейменов киіктерді ату процесі дйттеген мақсатқа жеткізбей, сәтсіздікке ұшырайды деген болжамын айтты. «Бір ғана мысал келтірейін. Осыншама бас киіктерді атып өлтіру үшін, күн сайын шамамен 1067-1500 киікті ату керек. Ал елімізде бұл жұмыспен айналысатын бір ғана «Охотзоопром» деген мекеме бар. Ондағы 600 инспектордың осыншама киікті атып өлтіруге іс жүзінде мүмкіндігі жоқ. Екіншіден, біз киік аулауға машықтанбағанбыз. Атқан киіктерді сол жерде сойып, етін бұзатын маман жоқ. Ол етті сақтайтын орын жоқ. Мысалы, бір киік 30 келі ет береді. Күн сайын 1 мыңнан аса жануарды атсақ, 32 тонна ет шығады. Тек Орал қаласындағы ет комбинаты ғана мұндай етті өңдей алады. Ал оған етті 600 шақырым жерден бұзбай, қожыратпай жеткізу – қынның қиыны. Мұздатқыш камерада сақтамаса, ет тез бұзылады. Киіктің ішкі жарамсыз органдарын жоятын жерлер де жоқ. Әлсіз логистика, ветеринарияның мәселесі, өнімді өңдейтін кәсіпорынның жоқтығы сияқты өткір мәселелер шешілмеген. Сол себептен Үкіметтің бұл жолғы ісі шала болатынын сеземін» дейді ол.

Қазақстан экологтар қауымдастығының төрағасы Лаура Маликова киіктерді ату туралы шешіммен келіспейтінін айтады. «Қазір ел аумағында киіктерді атып қырып жатыр. Бір өкініштісі, аңшылар жазықсыз киіктерді атып, әр жерге лақтырып кетеді. Оларға керегі – киіктің мүйізі. Контрабанда жасайтын жағдайлар көп дегенді естіп жатырмыз. Негізі, Қазақстанда аң аулау қағидаларына енгізілетін өзгерістер жобасы әзірленіп, онда жыл сайын киік аулауға рұқсат етілетін мерзім белгіленген. Бұл бұйрық ауыл шаруашылығына қатысты шығарылғаны мәлім. Егер киіктер шаруаларға, я болмаса тұрғындарға түрлі жолмен зиян келтірсе атуға болады делінген. Жаппай «қолдарына қару алып атындар» деп жазылған жоқ. Сондықтан қазіргі науқанға байланысты шешіммен келіспеймін. Бұл жерде нақты бір көзқарас жоқ» дейді сарапшы. Ол киіктер санын реттеудің басқа әдістерін қолдайтынын ашық айтып жүр. «Мұндай жағдайда киіктер санын азайту тек атумен ғана шектелмейді. Мысалы, халықаралық тәжірибеде қасқырларды қолдану тәсілі бар. Сорақылықтың көкесі сол, бізде қасқырларды атуға болатын жануарлардың тізіміне қосқан. Содан шығар, еліміздегі қасқырлардың саны да азайып кеткені. Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстанда бар-жоғы 10 мыңдай қасқыр қалған. Қасқыр азайған соң, тұяқты түз тағыларының саны көбейді. Бұл – табиғаттың заңдылығы. Негізі, мұндай мәселені Табиғат-Анамыз өзі реттейді» дейді Лаура Маликова.

## БРАКОНЬЕРГЕ ТЫЙЫМ БОЛА МА?

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

### ҚОРҚАҚ ҚОРЫҚШЫ АҢДАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙДЫ?

Мұндай адам шошырлық жауыздықты жасырып-бүркемелеудің бірнеше себептері бар. Біріншісі – табиғат пен аң-құстарды, балықтарды қорғайтын құзырлы мекемелердің қызметкерлері өте бай, жан-жақты жабдықталған және қаруланған браконьерлермен аяусыз күресуге қорқады. Екіншісі – жоғарыдан төменге дейін жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықтың қанат жаюы. Қазір біз еліміздегі ешбір ресми статистикалық құрылымнан заңсыз ауланған балық, аң-құстардың саны туралы қолжетімді, дәйекті ақпарат ала алмаймыз. Бірақ әрбір аудандағы жеке аңшылық шаруашылыққа барсақ, сол өңірдегі жабайы жануарлардың қаншасын, кімдер және қашан атып алғанын бес саусағындай білетін адамдар табымыз. Өкініштісі сол, мұндай ақпаратты жергілікті аңшылардан жинап алып, бір жүйеге келтірейік деп ұсыныс жасаған бір адам таппайсыз. Әйтпесе, браконьерлікпен аяусыз күресуші ұйымдар мен жекеменшік адамдар үшін ашық, шынайы ақпарат көп мәселенің шешілуіне жол ашар еді.

Мәселен, 20-30 мың гектар жерді бақылап-күзететін бір қорықшы не істей алады? Тіпті, 10 мың гектарды да толық бақылай алмайды. Яғни, оған браконьерді құрыққа түсіру деген міндет емес, көңігі браконьерлердің жеке басы, жиналатын жері, түнейтін жері, аңға шығатын уақыты, аң аулау мерзімі, заңсыз аңшылықты астыртын ұйымдастырушылар туралы, олардың көлігі, қаруы, иттері және т.б. туралы жедел әрі дәлме-дәл ақпарат жинау міндеттелуі тиіс. Браконьерлерден қорқатын қорықшының өзі осындай ақпараттарды біліп, құзырлы мекемелерге жедел жолдаса, браконьерлерді қолға түсіру де жеңілдейді, я болмаса қылмыстың алдын алуға жол ашылады. Оларды ұстайтын құрам мүшелері дер

кезінде келе алмаса, жиналған ақпаратты браконьерлердің өздеріне жіберуге болады. Бұл – оларды ұстап алумен пара-пар іс-әрекет. Өйткені өздерінің соңына түскенін сезген браконьерлер қателік жібереді, сақтанады, сасқалақтайды. Сөйтіп, тіпті өзінің жауыздық әрекетін жасаудан бас тартып, орман мен даладан аулаққа кетеді. Бұл – браконьерлікпен күресудегі тиімді тәжірибенің бірі.

### ЖАЗАЛАНСА ДА, БРАКОНЬЕРЛЕР САНЫ АЗАЙМАЙДЫ

Браконьерлердің бір ғана мақсаты бар, ол – заңсыз жолмен іс-қимылға барып, мол табысқа кенелу. Олар экожүйеге қандай мөлшерде зиян келтіріп жатқанын сезіне де алмайды, сезінгісі де келмейді. Ал полицейлер браконьерлерді құрықтап, кінәлілер жазасын алып жатса да, олардың саны азаймай, керісінше көбейіп бара жатқанын ашық айтады. Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетінің табиғат қорғау полициясының аға инспекторы Әлішер Жармағамбетов биыл 20 қазаннан бастап құзырлы министрлік ел аумағында ауқымды рейдтер жүргізіліп жатқанын мәлімдеді. «Браконьерлікке қатысты 61 қылмыстық факті, 2 мыңнан аса әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталды. Заңсыз аңшылық пен заңсыз балық аулаумен қатар, аңшылар арасында қарумен бір-бірін атқан оқыс оқиғалар да кездесіп жатыр. Біз барлық азаматтарды табиғат қорғау заңдарын сақтауға, табиғатқа шынайы сүйіспеншілікпен қарауға шақырамыз» деді ол.

Алайда полицияның сөзіне құлақ асқан браконьерлер жоқтың қасы. Бұған бір дәлел, елімізде 6 қазаннан бастап киіктерді атуға рұқсат етілгені мәлім. 6 қазан – 21 қараша аралығында «Охотзоопром» инспекторлары 22 мыңға жуық киік мүйізін жинап алған. Осы кезеңде браконьерлер мен контрабандашылардан 859 киіктің мүйізі тәркіленіпті. Әрине, бұл – браконьерлер жазықсыз қырған киіктердің бір бөлігінің ғана мүйізі. Экология және табиғат ресурстары

министрлігі соңғы үш жылда заңсыз киік аулауға қатысты 307 факті тіркелгенін хабарлады. Соның ішінде: 2020 жылы – 80 оқиға, 2021 жылы – 87 оқиға, 2022 жылы – 66, 2023 жылы 74 оқиға тіркелген, 18 088 киік мүйізі кәмпескеленген.

### КҮЙЕККЕ ҚАРАМАЙ ҚЫРЫП ЖАТЫР

Қараша айы – киіктердің күйекке түсетін мезгілі. Бірақ біздің Үкімет пен құзырлы министрлік жазықсыз жануарларды атуды тоқтатуға пәрмен бермей отыр. Керісінше, киіктерді ату мен аулау 20 желтоқсанға дейін ұзартылған. Бұл туралы Оралда шығатын «Мой город» газеті былай деп жазды: «Киік аулау мерзімін биылғы 20 желтоқсанға дейін ұзартты. Экология және табиғат ресурстары министрлігінің орынбасары Нұркен Шәрбаев біздің редакцияның ресми сауалына берген жауабында осылай деді. Биологиялық негізде Орал популяциясынан 226 мың бас киік ату және аулау көзделіп отыр».

Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қараша айының ортасына дейінгі кезеңде 10 мыңнан астам киік атылғанын мәлімдеді. «Бүгінгі таңда бізде соңғы ресми есептеулер бойынша 1,3 млн бас ақбөкен бар, ал халықтың айтуынша, олардың саны 2 млн-ға жуық. Биыл Батыс Қазақстан облысының аумағында алғаш рет ақбөкендердің санын реттей бастадық, бізге 20 пайызға дейін атуға рұқсат етілді. Бүгінде барлығы 15 атқыштар бригадасы жұмыс істейді» деді ол. Әкім облыста киік етін қабылдайтын 8 ет комбинаты бар екенін, ол жерде киік етінің келісі 315 теңгеден сатып алынып, әрі қарай 1200 теңгеден сатылатынын айтты. Расында да киік етін сатып жатқан өңірлер бар. Бір келісі – 1000-1500 теңге аралығында. Тіпті, тұтас бұзылмаған етін 10 мыңға саудалап жүргендер бар.

Бірақ біз әлеуметтік желілерден көріп отырған жағдай басқаша. Оңай олжаға құнығып алған алаяқтар қырылған киіктердің етін үлкен



Қазір ел аумағында киіктерді атып қырып жатыр. Бір өкініштісі, аңшылар жазықсыз киіктерді атып, әр жерге лақтырып кетеді. Оларға керегі – киіктің мүйізі. Контрабанда жасайтын жағдайлар көп дегенді естіп жатырмыз. Негізі, Қазақстанда аң аулау қағидаларына енгізілетін өзгерістер жобасы әзірленіп, онда жыл сайын киік аулауға рұқсат етілетін мерзім белгіленген. Бұл бұйрық ауыл шаруашылығына қатысты шығарылғаны мәлім

жүк таситын көліктерге тиіп, далаға лақтырып жатыр. Тез бұзылатын жануардың еті шіріп, айналасын ластауда. Бәрін ойластырған министрлік нәліктен сол етті бұзылмай тұрған кезде бөлшектетіп, сақтайтын орындарды алдын ала дайындап қоймаған? Бұл жердегі қаныпезерлікті, жауыздықты ешкім де жақтай алмасы анық.

Киіктерді атудағы негізгі мақсат – санын азайту емес, оның мүйізін жинап, қара базарға апарып сату. Бұл ойымызды Батыс Қазақстан облысының тұрғыны Анаргүл Әмірова қоғамның назарына шығарып, петиция жариялады. «Киіктер бұған дейін екі үлкен трагедияны басынан кешті: жұттан аман қалды және даламызды улаған протонның жарылысынан аман қалды. Қазір олар жойылудың алдында тұр. Сол

себептен оларды атпай, шаруаларға шеккен зиянының орнын толтырып беруі керек еді. Ал киіктердің санын реттеудегі негізгі мақсат – оның мүйізін алу, қара базарға апарып сатудан мол пайдаға кенелу. Бұл процесті табиғат-ана өзі реттейді. Алайда 2 млн киік бар деген цифрды қайдан алдық? Ертең табиғи апаттан киіктердің бір-ақ қырылып қалмасына кім кепілдік береді? Келешек ұрпаққа қандай жауап сөз айтамыз? Соңғы киікті өлтірген министрліктегілер ар сотының алдында қалай жауап береді?» деді ол.

### ТҮЗ ТАҒЫСЫНЫҢ ТҮБІНЕ ЖЕТІП ЖҮРМЕЙІК!

Еліміздегі ғалымдар, табиғат жанашырлары, кейбір саясаттанушылар киікті күйек кезінде атуға қарсылық білдіріп, ой-пікірлерін ашық айтып жүр. Алайда оған құлақ асатын Үкімет жоқ бізде. Батысқазақстандық қоғам белсендісі Нұрлан Рахымжанов киіктердің санын азайтамыз деген шешімді нағыз жабайылық, адамгершіліктен аттағандық деп санайды. «Біздің буын киік пен кие деген ұғымдарды санасына сіңіріп өстік. Бірақ ақбөкендердің санын бұлай ең қатал, жабайы тәсілмен реттейміз дегенді көрмеппін. Шаруалар өз дегеніне жетті, даланы қан сасытты. Басқа өркениетті елдерде мұндай мәселе қалай шешілетінін білмеймін, ал қазір бізде нағыз жабайылық орын алып отыр. Біз XXI ғасырда өмір сүреміз, сонда бұл мәселені адамгер-

**P.S:** Ақбөкендердің басына орнаған зобалаң тыйылмай тұр. Бұған дейін жұттан бір, гептилден екі қырылған жазықсыз жануарлардың саны көбейіп кетті деп тағы атып жатырмыз. Миллиондаған бас мал сыйған қазақ даласына 1-2 млн киік сыймады деген бос сөз! Қоңыр аңды атқызған жауыздардың көкейін тескені, тағы бума-бума топан ақша ма? Ежелден халқымызбен бірге жасап келе жатқан түз тағысын атқан адам бақытсыздыққа ұшырайды деген сенім бар. Сананы ақша билеген заманда екі аяқты айуандардың жауыздығынан ақбөкендердің тұқымы тұздай құрып кетуге жақын тұр. Киік пен кие, киік пен қазақ – бір-бірінен мүлдем ажырамайтын ұғымдар. Киікті өлтіргендер үрім-бұтағымен Құдайдың қарғысына ұшырайды. Ертен бармағымызды шайнап, өкініп жүрмейікші, қазағым!





## ТЕЛЕАРНАЛАР ТІЛІ НЕГЕ ТІКЕНЕК?

Кеңестік дәуірде саясаткерлердің «Еуропаны коммунизм елесі кезіп жүр» деген сандырағына имандай сенген халық елес шындыққа айналды деп болашаққа үмітпен қарайтын еді. Сол сияқты «мемлекеттік тіл мәртебесінің елесі» қазақ даласын 30 жыл кезді.

Отыз жыл айқайлады, орнынан қозғалған тіл жоқ. Керісінше қазақ тілі «бөтен сөзбен былғанып», грамматикалық заңдылықтардан жаңылып, дүрегей тілге айналып барады. Қоғам қайраткерлері зиялы қауым, мемлекеттік лауазым иелері ортасындағы көпке танымал көкелеріміздің өзі «үлкен рахметтен» жаңылар емес («Көп рахметті» көпсінеді, «үлкендеу» бір рахмет айтсам да жетер дейтін шығар). Сол көкелердің алдында түшкіріп қалсаңыз, «Бер, тәңір!» деп тілек тілеудің орнына «Сау болыңыз» деп «қоштасып» кете барады. Игі жақсылардың бірі ҚР Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың қазаққа тілінде сөйлесуге именгені көргенімізде жағамызды ұстадық.

Мынау әлемді аузына қаратқан ақпарат заманында телеарналар мен тарихта өзіндік орны бар тіл жанашыры газеттерімізге сенім артып едік, олардың өзі тіл бұзарларға айналды. Қазақ тіліндегі сөздердің бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын аяққа басып, орыс тілінен сөзбе-сөз аударған жасанды тіркестер жасап, сол тікенек тіркестерді тілдік норма ретінде қалыптастырып алды. Мәселен, жылқының бәрі «атқа» айналды («Абай» телеарнасы: «Ботай жазығында «атты» қолға үйретті» («Түркі әлемі» тарихи бағдарлама. 29-маусым) «Ат үйірлері» (суретші Айнур Бекбергенованың туындылары жайлы) 26-маусым).

Сол сияқты аттан жығылмайтын «құлайтын» болды. Бұрын «Жатыр едім көгалда пішен шауып, ақбоз аттан «құлайтын» болды. Бұрын тұтас дүниені бөлшектеп, бөлшек дүниені құрастыратынбыз. Енді құрастырмайтын «жинайтын», бөлшектемейтін «шашатын» болды (Калашников автоматын шашып, қайта жинау, ауылшаруашылығы техникаларының бөлшектерін жинау). Сол сияқты

атқа мінбейтін «отыратын» болды, киіз үйді тікпейтін «құратын», жықпайтын «бұзатын» болды.

Алла жаратқан ақыл-ес мүшесі ми әу бастан жалғыз еді, біз жұлынтұтаны да ми етіп алдық. Дәрігерлердің тілін есепке алмай-ақ қоялық, телеарналардың, соның ішінде ұлттық арнаның журналистері мен жүргізушілері «бас миы» деген баспақ тілден арылған жоқ. Сөзіміз дәлелді болсын: «Қыз баланың «бас миы» шайқалған» деген диагноз қойды». (Қыз баланы белгісіз біреудің соққыға жыққаны жайлы 23 маусым күнгі жаңалықтар, 31-канал жүргізушісі.) «Бас миы» жарақатын алған» (Шаңғы базасында балаларды көлік соққаны жайлы. 30 қаңтар «Қазақстан» телеарнасы именгені көргенімізде жағамызды ұстадық.) («Қазақстан» телеарнасы, Ақпарат Армангүл Тоқтамураққызы, 21 қыркүйек). Миды білмеген мисыздығымызға жол болсын. С.Елубаевтың тілімен айтсақ,



Мынау әлемді аузына қаратқан ақпарат заманында телеарналар мен тарихта өзіндік орны бар тіл жанашыры газеттерімізге сенім артып едік, олардың өзі тіл бұзарларға айналды. Қазақ тіліндегі сөздердің бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын аяққа басып, орыс тілінен сөзбе-сөз аударған жасанды тіркестер жасап, сол тікенек тіркестерді тілдік норма ретінде қалыптастырып алды

«басқа плената жазушысы» Асқар Сүлейменов ми мен тері тонның ерекше қасиеттерін салыстыра келе: «Қазақстанда екеуі де аз. Әсіресе – ми. Түріктердің көмегімен тонды өндіруге болады. Миды ше?» дейді. Шын-ау!

Қазақ телеарналарындағы отандық және аударма кинолардың тілі де тікенек. Бір ғана мысал келтірсек, ұлттық арнадан беріліп жатқан Түріктің «Бауырлар» сериалының кейіпкері екіқабат Шеңгүл ханым таудан құлап, түсік тастағалы жатқанда Акиф мырзаның: «Көмектесіңдер, екіқабат әйелдің «суы ағып кетті» деп қайта-қайта иен даланы басына көтере айғайлағанына жастар жағы сөз мәнін түсінбей аңтарылып қалғаны анық. Мүмкін, бәзбіреулер әйелдің кіші дәреті шығып кеткен болар деп ойлаған болар. Ал қазақ тілінде «суы ағып кетті» емес, «баланың беті ашылып кетті» деп айтатынын білетін қазақтардың бірінің күлкісі келсе, ана тіліне жанашыр парасатты бірінің мәңгірттігімізге жылағысы келген шығар. Міне, «бас миы» суалып, «суы ағып» құрғап қалғандардың қазақша сөйлеуі сусынды. Қош, қазақ тілін білмейді деп басқа ұлттың өкілдеріне мін тағамыз, ұлттық тіліміздің тазалығына жауапты, тіпті, үлгі көрсетуге тиіс журналистер мен өнер адамдарының, зиялы қауым басшыларының қазақша сөйлеген түрі осы болса, өзгелерге қалай өкпелейміз?

Өнер адамы дегеннен шығады, бәлдір батпақ тілді эстрада әншілері емес, халық әндері мен халық композиторларының әндерін айтатын екі «жұлдызымыздың» бірі күлкіңді келтіреді. «Ақ дариға» әнінде «Бәйгеден екі ат келер ойнақтаған» (Бір ат озып келмеуші ме еді), «Сары жез құман-ай» әнінде «Көзіңнен айналайын, ашып-жұмған-ай» деп шырқайды. Қазақ көзін ашып-жұмып отырған қызды сұлу қыз емес, жыпық қыз дейді. Дұрысы «көзіңнен айналайын ақыл тұнған-ай». «Ақтамақ» әнінде «шыққан күн-

дей жарқ етіп бұлт астынан» деудің орнына «Шыға келсең жарқ етіп бұлт астынан» дейді. Бұлт астынан перінің қызы болмаса, қазақтың ақтамақ қыздары шықпайды ғой. Мұндай мысалдың онын емес, жүзін келтіруге болады. Кезінде көлемді мақала да жазғанмын. Қайталап отырғаным, халық әнін айтатын әншілеріміз, басшылар, тілшілер, аудармашылар сияқты ұлттық тіліміздің жанашырларының тіліне теріскен шығарған тіркестерінен қалған көңілдің наласы.

Тіліміздің ең үлкен жанашырлары қазақ тілін зерттеп жүрген ғалымдар (жай ғалым емес, доктор, академиктер) екеніне ешкім шүбә келтірмес. Бір қызығы, сол докторлар мен академиктердің редакциялауымен басылған қазақтың бас сөздігі 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (Алматы, 2011 жыл) мен осы сөздіктегі барлық сөзді сыйыстырған (дәйек сөзсіз) «Қазақ сөздігіне» (Алматы, 2013 жыл) мұқият үңілсеңіз, өзгелерге өкпе артуымыз бекер болып шығады. Қазақша айтқанда, «қуырдақтың көкесін түйе кейінде көресіз». Мысал келтірейік, сиыр қашып кетті – «бұқаға түсіп кетті немесе бұқаға түсіп кетті» деп түсіндіреді. Қазақ бұқаға түсіп кетті деп айтпайды. Тіпті қысыны жоқ дөрекі сөз. Оқырану – еміреніп осырту. (Осыртқаны қалай?) Мекірену – малдың төліне мейірі түскенде ыңырануы (Тойған қой жусап жатқанда ыңыранушы еді). Түсік – туылар мерзіміне жетпей түскен өлі төл (Мал іш тастайды, әйел түсік тастайды ғой). Серке – бес, алты жастағы тартылған теке (Пішілген теке болса серке емес сасай, азбан ғой). Төс айыл – аттың бауырын ала көлденең келтіріп тартып байлайтын тартпа... Осылай кете береді. Әсіресе қазақтың байырғы салт-сана, шаруашылық, кәсібіне байланысты сөздердің түсіндірмесі күлкіңді келтіреді. Мәнсіз, тіпті, мазақ түсіндірме. Қазақ «ет шірісе, тұз себесің, тұз шірісе, не себесің» дейді. Сөздіктің сиқы жоғарыдағыдай болса, өзгеден не қайыр?! Несіне шырылдаймыз? Шала қазақтың тілін түзету үшін әуелі түсіндірме сөздігімізді түзету керек шығар.

Бодаухан ТОҚАНҰЛЫ,  
журналист

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

## АҚЫЛДЫ АНАНЫҢ ЭРЕКЕТІ ҚАНДАЙ?

Қазіргі жастардың рухани жансарайын түсіну қиын-ақ. Жаңа толқынның өзіндік танымы, көзқарасы, өз талғамы бар. Жастыққа тән жалыны да ұрып тұр. Алайда жастардың беталысына сынмен қарау аға ұрпаққа тән болса керек. Тіпті өз баласына да «сана бер» деген қазақтың даналығы, мұның аса қажеттігін білдірсе керек. Сол қағидамен біз де тер ауыз сөз айтпақпыз.


Айгул  
УАИС

Жақында отызға келмеген әп-әдемі бойжеткенмен өмір туралы аз-кем сөйлесіп қалдым. Ата-анасының ортасында өскен, жоғары білім алып, өзінің қалаған биіктеріне жақындап келе жатқан бойжеткен. Келешекте күйеуге шығу да, сәбилі болу да ойында бар. «Иә, барған жеріңді бақытты ет, бағың ашылсын!» деген тілегімді естісімен әлгі бойжеткеннің шарт кетпесі бар ма. «Мен неге барған жерімді бақытты етуім керек?» деп қарсы сұрақ қойды. Әдетте, ұзатылған қызға солай айтылады, жас келін түскен жерін де бақытты етуін қалауы қалыпты нәрсе, әулеті де соны күтеді деп түсіндіріп көрдім. Бойжеткеннің өз талабы бар екен. «Мен барған жерімді бақытты етемін деп бармаймын, өзім бақытты боламын деп барамын деп тұрмысқа шығамын» деп жауап берді. Жарайды, ешкім бетіне қарсы келмеген қыздың еркелігі шығар. Алайда әзіл-шыны аралас айтылған сөздің астарында әдеттен бөлек қауіпті ой жатыр. Ол – жас қыздардың қазақы «келіндік» статусын өз мағынасында қабылдамауы. Басқа елге ұзатылып, бөтен жерге келін болу – адам өміріндегі үлкен өзгеріс. Бұрынғы еркелігі қалып, әулеттен бастап, ата-енесі мен таңдап тиген жары үшін, кейінірек сәби үшін жауапкершілік алады. Қыз кезіндегі еркелігі мен еркіндігін артта қалдырмаса, сол қалпымен «келіндік өлшемге» шақ келмейтініне көп жастар мән бере бермейді. Әрқайсымызда жалғыздан қыз болған соң, олардың бақытты болуын алдымен өкешесі ойлайды. Тым еркелететініміз де сондықтан. Десе де бір танысымының өз қызына

«енесі менен қатты болмасын» деп қызын әбден пысық етіп, үй шаруасына бейімдеп тәрбиелегенін біліп таң қалдым. Көбіміздің ойымызға келе бермейді. Алайда бұл – ақылды ананың әрекеті. Тағы бір құрбым тіпті маңғаз. Бойжетіп қалған қызына ызыңдап «оны былай жаса, мынаны былай ет» деп айтқанын көрген емеспін. Себебін сұрағанымда, ертең барған жерінің тәрбиесіне, тәртібіне тез икемделіп, сол жерде қазанды қалай қайнатса, бұл да солай қайнататын болсын деген еркіне қойғанын айтты. Расында ол да – жақсы тәрбие. Бір қазақ етуім керек?» деп қарсы сұрақ қойды. Әдетте, ұзатылған қызға солай айтылады, жас келін түскен жерін де бақытты етуін қалауы қалыпты нәрсе, әулеті де соны күтеді деп түсіндіріп көрдім. Бойжеткеннің өз талабы бар екен. «Мен барған жерімді бақытты етемін деп бармаймын, өзім бақытты боламын деп барамын деп тұрмысқа шығамын» деп жауап берді. Жарайды, ешкім бетіне қарсы келмеген қыздың еркелігі шығар. Алайда әзіл-шыны аралас айтылған сөздің астарында әдеттен бөлек қауіпті ой жатыр. Ол – жас қыздардың қазақы «келіндік» статусын өз мағынасында қабылдамауы. Басқа елге ұзатылып, бөтен жерге келін болу – адам өміріндегі үлкен өзгеріс. Бұрынғы еркелігі қалып, әулеттен бастап, ата-енесі мен таңдап тиген жары үшін, кейінірек сәби үшін жауапкершілік алады. Қыз кезіндегі еркелігі мен еркіндігін артта қалдырмаса, сол қалпымен «келіндік өлшемге» шақ келмейтініне көп жастар мән бере бермейді. Әрқайсымызда жалғыздан қыз болған соң, олардың бақытты болуын алдымен өкешесі ойлайды. Тым еркелететініміз де сондықтан. Десе де бір танысымының өз қызына

Ал барған жерімде жабылып жүріп мені бақытты етіңдер деп қарап отыратын тікбақай қыздың сөзіне не дейміз. Ертең ойы өзгермесе баласын құшақтап қайтып келетіндердің қатарына қосылар. Ол да қорқыншыты емес, қазір екінің бірі айырылысып жатыр. Бұл, әрине, менің ойым. Бірақ барлық қыздардың барған жеріне тастай батпай төркініне қайтып оралуы жақсылық емес қой. Оның алдын алу үшін алдымен шешелері ойлануы керек шығар.

Қазақ айтады екен, «Қызың жақсы болса – бір бақыт, ұлың жақсы болса – мың бақыт, келінің жақсы болса – шын бақыт» деп. Адам бақыты жанындағы жандардың қабағы мен жандары мінезіне, шын ықыласы мен риясыз көңіліне байланысты. Ол болмаған жерде өзіншілдік, көңілдеріне жетпей, ойлағаны болмай басымен алысқандардың бақыты баянды болмас.





# 10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№142 (4575) 30/11/2023 Бейсенбі

## ДҮЙСЕНБІ

### 4 ЖЕЛТОҚСАН



6:00 Әнуран  
6:05 «Жәдігер»  
6:30 «Күй-керуен»  
7:00 «ТАՆШОЛПАН»  
10:10 «Қилы күндер», Телехикая.  
12:20 «Құдаша қыз», Телехикая.  
13:10 «Құдаша қыз», Телехикая.  
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ», Тікелей эфир  
14:30 «Дала дәмі»  
14:45 «Aqorda»  
15:15 «Apta»  
16:05 «Bizben birge...»  
17:00 «ASHYQ ALAÑ»  
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР», Телехикая.  
20:00 AQRARAT  
20:30 «ҚҰДАША ҚЫЗ», Телехикая.  
21:25 «АЛДАНҒАН АРМАН», Телехикая.  
22:25 «1001 ТҮН»  
23:25 «Көңіл толқыны»  
0:10 «Ashyq alaň»  
1:40 «Сана»  
2:45 «Өмір көркем»  
3:40 «Bizben birge...»  
4:20 «Жәдігер»  
4:40 «Дала дәмі»  
4:55 «Ауылдастар».



05:00 МЕҒАХИТ. "ОБЛАСТИ ТЪМЫ"  
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"  
10:00 "МЕКТЕП"  
10:25 АРНАҒЫ РЕПОРТАЖ.  
10:35 МУЛЬТФИЛЬМ. "ТРОН ЭЛЬФОВ"  
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ТАҒДЫҒА СЕН"  
14:00 "АЙНАLINE"  
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "СОҢҒЫ ҮМІТ 2"  
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ТАМ, ГДЕ ТЫ"  
18:00 НОВОСТИ.  
18:20 ТОК ШОУ. ИТОГИ  
19:00 ЖАҒАЛЫҚТАР  
19:20 ТОК ШОУ. БІЗДІҢ МАҚСАТ  
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШЕРЛІ ЖҮРЕК"  
21:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "СОҢҒЫ ҮМІТ 2"  
22:30 "ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"  
23:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ТАМ, ГДЕ ТЫ"



06:00 «Ене» үнді телехикаясы  
06:20 «Қара шаңырақ» телехикаясы  
07:20 «Маша и медведь» Мультфильм  
09:00 «Осман 3» түрік телехикаясы  
11:00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы  
13:00 «Дастан» түрік телехикаясы  
14:00 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы  
15:00 «Любовьная Варвара 3» телесериал  
17:15 «Шабашники» телесериал  
17:55 «Другая жизнь Анны» телесериал  
20:00 «Astanatimes»  
21:00 «Осман 3» түрік телехикаясы  
22:50 «Лакшми» үнді телехикаясы  
00:20 «Дастан» түрік телехикаясы  
01:25 «Ессіз махаббат» түрік телехикаясы  
02:15 «Айнурдың арманы» телехикаясы



6:00 «ТАМАША СІТУ» бағдарламасы  
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10:10 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»  
11:05 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»  
12:00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»  
13:00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»  
14:15 «ЖАҒАЛЫҚТАР»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы  
18:30 «БАСТЫ ЖАҒАЛЫҚТАР»  
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы  
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20:35 «БЫВШИХ НЕ БЫВАЕТ»  
0:40 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»  
1:35 Ночной кинотеатр.  
2:50 «KÖREMİZ» бағдарламасы  
4:00 «П@УТИНА» бағдарламасы



07:05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)  
07:30 «ЖАН ЖЫЛУЫ», корей телехикаясы.  
08:00 «САҒЫНЫШ», өзбек телехикая.  
11:20 «ПАРАД ЮМОРА», шоу-программа  
13:00 «ПОДДЕЛЬНАЯ ЛЮБОВЬ»  
15:20 «БІР КЕМ ДУНИЕ»  
18:00 «МЕНІҢ СҮЙІКТІ ДОНОРЫМ»  
19:30 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР  
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.  
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ  
21:40 «ТЫ МЕНЯ НИКОГДА НЕ ЗАБУДЕШЬ»  
02:40 «МАГИСТРАЛЬ», детективная драма  
03:45 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу  
04:30-05:00 КЕШКІ ЖАҒАЛЫҚТАР



06:00 Әзіл студия  
07:00 «Күліп ALL»  
08:00 «Лунис и сказочная страна»  
10:00 «Великий Человек-паук»  
10:30 «Маша и медведь»  
11:00 TikTok show  
11:40 Time Vine  
11:50 «Крид: Наследие Рокки» (повтор)  
14:50 «Астерикс и Обеликс» (повтор)  
17:20 «Индиана Джонс»  
20:00 Информбюро (рус/каз)  
21:00 Тұсаукесер! «Чукур»  
22:50 «Поцелуй дракона»  
01:00 «31 Әзіл»  
02:30 What's up?  
03:00 Әзіл студия  
03:50 1001 Әзіл  
04:00 BALA BATTLE  
04:30 What's up?  
05:00 Ризамын



06:00 Т/п «Қуырдақ»  
06:50 Т/х «Тақиясыз періште»  
07:30 Т/п «Айнаonline»  
08:00 Т/х «Бастық боламын»  
09:40 Х/ф «ПОЧТИ МАЧО»  
11:40 Х/ф «GLAM'YR для дур»  
13:40 Т/х «Тақиясыз періште»  
14:00 Ток-шоу "Қыздар-Ай"

15:00 Т/п «Қызықты weekend»  
16:00 Т/х «Саған сенемін»  
17:00 Премьера! Т/х «Үмітінді үзбе»  
17:40 Т/с «Миленикий ты мой»  
19:50 Т/с «Триггер»  
22:00 Т/х «Үмітінді үзбе»  
22:40 Т/х «Құзғын»  
23:40 Т/х «Саған сенемін»  
00:40 Ток-шоу "Қыздар-Ай"  
01:40 Т/х «Аяла мені»  
02:30 Т/х «Бастық боламын»  
03:10 Т/п «Япырай»  
04:00 Т/п «Жеңіп көр»  
04:45 Т/п «Қуырдақ»



07:00 «Разминка» (каз/рус)  
07:15 «INSTA LIKE» (каз.)  
08:00 Телехикая «Бақытсыздар бағы»  
09:20 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»  
09:40 «ФИКСИКИ» (мультсериал)  
09:50 «КУНГ-ФУ ПАНДА: ЛАПКИ СУДЬБЫ»  
10:10 Шоу «ТАКСИ»  
10:40 Шоу «НА НОЖАХ»  
12:00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
16:00 «INSTA TV» (каз.)  
16:35 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
17:00 Телехикая «Түнде атылған оқ» (каз.)  
19:00 Шоу «ТАКСИ»  
19:30 Серил «МЕОВ»  
20:30 «НА ГЛУБИНЕ 6 ФУТОВ» (приключенческий триллер, Джош Харнетт, Мира Сорвино)  
22:30 «ПЯТЕРО НЕИЗВЕСТНЫХ» (детективный триллер, Джеймс Кавизел, Грег Киннер)  
01:20 Телехикая «Түнде атылған оқ» (каз.)  
02:40 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
03:00 «INSTA TV» (каз.)  
04:00 – 05:00 «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ

### 5 ЖЕЛТОҚСАН



6:00 Әнуран  
6:05 «Жәдігер»  
